

Қазығұрт, Отырар, Сайрам және Төлеби аудандары әкімшілік-аумақтық құрылысының кейбір мәселелері туралы

Бірлескен Оңтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 2006 жылғы 29 қыркүйектегі N 25/295-III шешімі және Оңтүстік Қазақстан облыстық әкімиятының 2006 жылғы 2 қазандағы N 333 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облыстық әділет департаментінде 2006 жылғы 12 қазанда N 1943 тіркелді

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 11-бабына сәйкес Қазығұрт, Отырар, Сайрам және Төлеби аудандары мәслихаттары мен әкімияттарының пікірлерін ескере отырып, Оңтүстік Қазақстан облыстық мәслихаты **ШЕШТІ** және Оңтүстік Қазақстан облысының әкімияты **ҚАУЛЫ ЕТТІ:**

1. Оңтүстік Қазақстан облысының әкімшілік-аумақтық құрылысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) Қазығұрт ауданы бойынша:

Көкібел ауылдық округінен бөлініп шығатын Айнатас, Жігірген, Қызылбұлақ, Өгем, Тесіктөбе ауылдарының шекараларында Жігірген атау беріле отырып, жаңа ауылдық округ құрылсын;

Көкібел ауылдық округінің шекаралары оның құрамынан Айнатас, Жігірген, Қызылбұлақ, Өгем, Тесіктөбе ауылдары шығарылып өзгертілсін;

2) Отырар ауданы бойынша:

Қарақоңыр ауылдық округінен бөлініп шығатын Ақтөбе ауылы шекарасында Ақтөбе;

Отырар ауылдық округінен бөлініп шығатын Қарғалы, Отырар ауылдары шекараларында Қарғалы;

Талапты ауылдық округінен бөлініп шығатын Қоғам, Мыңшұқыр, Талапты ауылдары шекараларында Қоғам жаңа ауылдық округтеріне атаулар беріле отырып құрылсын.

Мыналардың:

құрамынан Ақтөбе ауылы шығарыла отырып, Қарақоңыр ауылдық округінің; құрамынан Қарғалы, Отырар ауылдары шығарыла отырып Отырар ауылдық округінің;

құрамынан Қоғам, Мыңшұқыр, Талапты ауылдары шығарыла отырып Талапты ауылдық округінің шекаралары өзгертілсін;

3) Сайрам ауданы бойынша:

Қарабұлақ, Қарасу, Манкент және Тассай ауылдық округтерінің жалпы көлемі

1959,4 гектар жерлерінің бір бөлігін Ақсукеңт ауылдық округінің әкімшілік шекарасына қоса отырып, Ақсукеңт, Қарабұлақ, Қарасу, Манкеңт және Тассай ауылдық округтерінің шекаралары өзгертілсін;

4) Төлеби ауданы бойынша:

Тасарық ауылдық округінің әкімшілік бағынысындағы Қаратөбе ауылын Ақжар ауылдық округінің әкімшілік бағыныстығына беру жолымен Тасарық және Ақжар ауылдық округтерінің шекаралары өзгертілсін.

2. Шешім Оңтүстік Қазақстан облысының әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен қолданысқа енгізіледі.

Облыстық мәслихат сессиясының төрағасы

Облыстық мәслихаттың хатшысы

Облыс әкімі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК